

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 3

28.10.2024 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс: Үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде

1. «Жас дарын» хор үйірме мүшелерінің музыкалық-практикалық дағдыларының қалыптасуын бақылау нәтижесі
2. Үйірме жетекшілерінің I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі
3. Күзгі демалыс күнгі іс-шараларды өткізу

Тыңдалды:

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі Рахметова Манат:

Жоспар бойынша 21-24 қазан аралығында хор үйірмесінің сабақтары, үйірме мүшелерінің сабаққа қатысуы, шығармашылық жұмыстары, практикалық жұмыс барысы қадағалауға алынды.

Қадағалау нәтижесінде үйірме мүшелерінің сабаққа қатысуы, белсенділігі, шығармашылық жұмыс жасауы, топпен ән айту дағдылары, өз өнерін еркін көрсете білуі, сахналық шеберлікті игеріп, меңгергендіктерін көрсетті. Орындаушылық тәсілдері қалыптасқан. Үлгермеуші оқушылармен де топтық, жеке жұмыстар жүргізіліп, берілген тапсырмалары бойынша дауыспен, шығармамен қосымша жұмыстар атқарылды.

Хор үйірме жетекшісі Базарбаева Шұғыла:

Хор үйірме мүшелері жоспар бойынша әндермен топтық, жеке шығармашылық жұмыстар жүргізіп, ән айту ережелерін сақтай отырып үйренуде. Музыкалық теория мен практиканы ұштастыра отырып, әнді таза орындауға дағдыланды. Үлгермеуші оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіліп, іс-шараларға, сахна мәдениетіне дайындалуда.

Екінші мәселеде үйірме жетекшілерінің I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарына қорытынды жасалып, есептері тыңдалды және үйірме мүшелерінің шығармашылық әлеуетін дамыту үшін ұдайы мәдени шаралар ұйымдастырып, олардың өнерге деген құштарлықтарын арттыру, бейім қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін меңгерту және ата-анамен тығыз байланыс орнату қажет екендігі сөз етіліп, талқыға салынды.

Үшінші мәселеде күзгі демалыс күнгі іс-шаралардың өткізілуі, үйірме мүшелерін толық қамту, байқауларға дайындау, қатыстыру сөз етіліп, талқыланды.

Қаулы:

1. Үйірмелердегі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттырып отыру үйірме жетекшілеріне тапсырылсын.
2. Үйірме сабақтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспар бойынша атқарылуын қадағалап отыру орталық меңгерушісі М.Рахметоваға міндеттелсін.
3. Ішкі жұмыс жоспарларын қадағалап отыру орталық меңгерушісіне жүктелсін.

Жиналыс хатшысы:



Н.Еримбетова